

Паллиативтік көмек кешеуілдеп тұр

Паллиативтік көмек туралы елімізде көп айтылмай, тасада қалады әдетте. Әрине, өлім туралы кім айтқысы келеді?! Десек те, паллиативтік көмек дәрігерлер ем қоймай деген үлкен мен кішіге ауадай қажет. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау саласын дамыту туралы әрекет айтады. Жолдауында: «Медицина саласына қомақты қаржы құю керек. Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалды тиіс» десе, өткен айда болған Парламенттің VIII шақырылымының бірінші сессиясында: «Қиындыққа тап болған жандар еш көмексіз қалмауы керек. Мемлекеттің әділдігі мен қоғамның жанашырлығы осындайда көрінеді» деп те келтірді. Дертіне дауа таппаған науқастар аурумен бетпе-бет қалмауы тиіс дейміз. Бірақ, сала мамандарының айтуынша, мемлекеттің қолдауынсыз паллиативтік көмек көрсету мәселесі дамымайды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Паллиативтік көмек – адамгершілік белгісі

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы паллиативтік көмекті пациенттің азап шегуінің алдын алу және жеңілдету ретінде қарастырады. Елдегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 126-бабында паллиативтік көмек, ауыр және емделмейтін дерті бар пациенттердің, сондай-ақ, олардың отбасылары мен қамқоршыларының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған, медициналық, арнаулы әлеуметтік қызметтер мен рухани қолдауды қамтитын қызметтер кешені ретінде айқындалған.

Дүниежүзілік ұйым бұл мәселе жайлы жарты ғасыр бұрын айта бастаған. Ал, бүгінде паллиативтік көмек медицинаның бір бағыты ретінде қарастырылады. Аталған ұйымның зерттеуіне, паллиативтік көмекке мұқтаж жандардың басым бөлігі жүрек қан-тамыр ауруларына шалдыққан. Одан кейін ойыр, созылмалы респираторлық аурулар, төртінші орында – АИТВ, сосын – қан диабеті.

Елімізде паллиативтік көмектің заңнамалық негізі 2009 жылы қаланғанымен, ауыр науқастарға көмек беру одан бұрын қалыптасты. Алматыда, мәселен, елде алғаш 1999 жылы ашылды.

Сол жылы хоспистер Павлодар, Қостанай және Қарағанды қалаларында да құрылды. Шірек ғасырға жуықта да, елдегі паллиативтік көмек көрсету мәселесі толығымен шешімін таппа-



Сурет ашық дереккөзінен

ды. 2022 жылғы дерек бойынша Қазақстанда 107-ден 135 мыңға дейін адам паллиативтік көмекке мұқтаж. Оның 5 мыңнан астамы – балалар. Оның барлығы тиісті көмекпен қамтылмайды. Елімізде үлкендерге арналған паллиативтік көмек мәселесі белгілі бір деңгейде қолға алынған болса, балаларға арналған көмек кенжелеп тұр.

Бірінші – балаға көмек


Қазақстанда паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты 2020 жылы бекітілді. Одан кейін Денсаулық сақтау министрлігі 2022-2024 жылдарға арналған балаларға паллиативтік көмекті дамытудың Жол картасын әзірледі. Алайда, сала мамандарының айтуынша, нәтижелі өзгерістер аз.

– Өркеніетті елдерде жағдай басқаша. Мысалы, Польшада паллиативтік көмек денсаулық сақтаудың жеке бағыты болып та-

былады, оны қаржыландыру бюджет есебінен жүзеге асырылады. Голландияда 200-ге жуық паллиативтік көмек ұйымдары бар, олардың мемлекеттік қаржыландыру деңгейі жоғары. Біздің елде жас пациенттерге көмек ұйымдастыру бағыты қайырымдылық негізде, – дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Ирина Смирнова.

Қабылданатын шаралар әлі де жеткіліксіз деп санайды ол.

– Тәжірибе көрсетіп отырғандай, кішкентай науқастар үшін ауырсынуды жеңілдетуге қол жете бермейді. Елде ауруды жеңілдететін дәрі-дәрмектерге қол жеткізу шектеулі. Мәселен, үйде паллиативтік көмек көрсететін хоспистер, бригадалар, тіпті, жайғана стационарлық паллиативтік төсек-орындар жеткіліксіз. Емдеу мекемелері науқастарды үйлеріне шығарып жіберуге тырысуда. Соның салдарынан балалар мен олардың ата-аналары физикалық,



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

моральдық тұрғыда қиналады, – деген ол депутаттық сауал жолдап, мәселеге Үкімет назарын аударды.

Бұл ретте Үкіметтен гөрі, үкіметтік емес ұйымдар үлес қосуда. Қазақстан балаларына паллиативтік көмек көрсету қауымдастығының директоры Әлия Қадырәлиеваның айтуынша, балаларға арналған паллиативтік көмек стандарттары әлі әзірленіп жатыр.

– Көмек жұмысы сүйенетін стандарттар болмағандықтан кейін жүйесіз. Қауымдастық Қарағанды медицина университетімен бірлесіп, әдістемелік жұмыстар жүргізді. Толық зерттеу жасалып жатыр. Біз кейде бар көмегімізді қоспасақ болмаймыз, себебі, техникалық талаптар мен бұл жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы стандарттар жоқ. Көп балаларға ауа жетпей тұншығады. Оттегі концентраторын берейік десек, оны тағайындайтын дәрігер жоқ. Ешкім жауапкершілік алғысы келмейді. Әлемнің бірқатар елдерінде паллиативтік көмек мемлекет есебінен жасалады. Бізде олай болмай тұр. Біз демеуші іздейміз, – дейді ол.


Оның айтуынша, бизнес құрылымдар мұндай іспен айналысуға құлықсыз.

– «Олар қанша бала жазылып шығады?», «Қандай нәтиже болады?» деп сұрайды. Мұндағы нәтиже – баланы азаптан құтқару, өмірінің соңғы сәтінде жарқын көңіл, адами жылу сыйлау. Бірақ, мұны түсінетіндер аз, – дейді ол.

Әлия Асқарқызының бастама-сымен және АМАНАТ партиясы депутаттарының қолдауымен екі жыл бұрын Қарағандыда паллиативтік көмек көрсету әдістемелік орталығы ашылған еді. Енді облыста осындай балаларға арналған орталық ашу жоспары тұр.

▶ 2-бет

Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!
5 наурыз күні сағат 18:00-де SARYARQA телеарнасында облыс әкімі ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ тікелей эфирде сіздің сұрақтарыңызға жауап береді.



Сауалдарды эфир кезінде 5 наурыз сағат 18:00-де Call-орталыққа (8-7212) 41-11-30 қоңырау шалып немесе WhatsApp +7-700-672-55-24 жіберу арқылы жолдауға болады.

Алдын ала сұрақтарды әлеуметтік желілерде #ӘкімгеСұрақ хэштегімен жазуға болады.
Қарағанды Өңірлік Коммуникациялар қызметінің ресми YouTube каналында да тікелей эфир жүретінін айта кеткен жөн.

ӨЗЕКІ

Оқулықтар мазмұны – талқыда

Биыл жаңадан әзірленген оқулықтардың мазмұнына қоғамдық талқылаулар жүргізілуде. Талқылауға ғылыми-педагогикалық қоғам өкілдері, әдіскерлер, ғалымдар, сондай-ақ, оқулықтардың сапасына бей-жай қарамайтын қазақстандықтар қатыса алады. Ол үшін веб-порталда тіркеліп, оқулықтардың түпнұсқа-макеттерімен танысу және «түсініктемесі» тетігі арқылы оқулықтардың мазмұны мен құрылымына қатысты сын-пікірлер, ұсыныстар мен ескертулерді жаза аласыз.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрлігінің республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының мәліметінше, talky.kz, ebmsedu.kz сайтында оқулықтар мазмұнының сапасы, құрылымы, әдістемелік тәсілдері, баяндау тілі мен безендірілуіне қатысты қоғам мен ғылыми-педагогикалық оқулықтары қағаз нұсқада, 3-сыныпқа арналған «Дифрлық сауаттылық» пәні бойынша электронды оқулықтар талқыланады.

катарында 3-сынып үшін «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері», «Орыс тілі» (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін), шет тілдері (ағылшын, француз) оқулығы бар. Сондай-ақ, 3,9-11 сыныптар үшін «Неміс тілі», 5-9 сыныптарға арналған «Жабандық құзыреттілік» оқулықтары қағаз нұсқада, 3-сыныпқа арналған «Дифрлық сауаттылық» пәні бойынша электронды оқулықтар талқыланады.



Сурет ашық дереккөзінен

ҚЫС ҚЫСПАҒЫ

Жылқы қараусыз қалмайды

Күні кеше енші алып шыққан Ұлытау облысы, оның ішіндегі Жаңаарқа жұрты алаңдап отыр. Өкінішке орай, биылғы қыс әбден қыспаққа алды. Жылқылары жұттан қырылып жатыр. Бұл мәселе Үкімет деңгейінде көтеріліп, қарастырылып жатыр. Осы орайда, аймағымыздағы мал-жанның амандығына алаңдап отырғандар көп.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы қалың қар, қатты қыс мал шаруашылығына оңай тиіп жатқан жоқ. Әсіресе, жылқыға жайсыз болды. Әбден қалжыраған тай мен кәрі жылқылардың тебіндеуге шамалары қалмаған. Ту биелер құлын тастап жатыр. Ондағы шаруалардың бар тілеуі – алдындағы малының амандығы болып тұр. Шамасы жеткен шаруалар жылқысын қолға қаратып алған. Жем-шөбі жетпей жатқан фермерлерде шығынға ұшырап жатыр.

Жаңаарқа іргеді болғандықтан, аймағымыздағы жылқының амандығына алаңдап жатқандар көп. Шаруаларға қыс қолайсыз болғанымен, облысымыздағы жылқының жұттан амандығын айтады ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сағат Мусин.



Сурет ашық дереккөзінен

«Өткен жұма күні Нұра ауданында өткен форумға қатысып, шаруа қожалықтарымен кездесу өткізіп келдік. Бірінші сұраған мәселеміз де сол еді. Одан аман. Басқа да аудандағы шаруалармен үнемі байланыстамыз десек те болады. Жем-шөп қоры жеткілікті. Тіпті, қордағы астық бағасын төмендетілген бағамен фермерлерге үлестіріп жатырмыз. Барлығы тікелей бақылауымызда», – дейді басқарманың басшысы.

Шығынға батқан шаруалардың ендігі үміті – Үкіметте. Қазіргі уақытта министрлік өкілдері Жаңаарқа жеріндегі шаруаларды аралап жүр. Ауыл жұртының аланы – елдің аланы. Жаңаарқадағы жылқы малын жұтатқан жұт сап тыйылсын. Мал-жан аман болсын!

РЕСМИ

Ынтымақтастық дамуға жетелейді

Нарықта сұранысқа ие болу үшін бірлікті ту өткен Қарағанды облысының тігін кәсіпорындары алдағы уақытта елімізді отандық шикізатпен және жоғары сапалы маталармен қамтамасыз етуге бел буып отыр. Облыс әкімдігінің қолдауымен Шымкент қаласы және Түркістан облысының өндірісімен аймақаралық консорциум құру туралы шарт жасалды.



Сурет ашық дереккөзінен

Бұл бастама Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі үшін қолға алынған бастапқы шаралардың бірі болып отыр. Қазір Қарағанды облысының тігін кәсіпорындары шикізатты шетелден сатып алуға мәжбүр. Десе де, елімізде өндірілетін өз матамыз жоқ емес. Қазақстанда бұған қажетті мақта өсіріледі, мақта өңделеді. Тоқыма комбинаттары мен тігін фабрикалары жұмыс істейді. Ал, іс жүзінде отандық мақтадан тігілген киім жоқтың қасы.

Бұл мәселені шешу және отандық өндіріштерді қолдау үшін Қарағанды облысының әкімдігі жергілікті, сонымен қатар, Шымкент және Түркістан кәсіпкерлеріне

ынтымақтастық туралы уағдаластық орнатуға көмек қолын созды.

Енді, Абай фабрикасының Түркістан мақтасынан жасалған AZALA Group Шымкент тоқыма кәсіпорнынан маталарды сатып алуға мүмкіндігі бар. Бұл ретте жергілікті өндіріс ошағы дайын материалды сатып алып қана қоймай, мақта өсіруден бастап, оны қайта өңдеп, сапалы маталарды өндіруге дейінгі бүкіл өндіріс процесін тікелей бақылай алатынын айта кеткен жөн.

Бірінші кезеңде аймақаралық консорциумға Абай тігін фабрикасы, Ютария Ltd және «ТАА» ЖШС сияқты тігін кәсіпорындары кіреді. Болашақта бұл тізім толықтырылуы

мүмкін екенін ескеру керек.

– Бұл – екі облыс үшін ғана емес, жалпы байтақ Отанымыз үшін мегасаяси және экономикалық тиімді келісім. Түркістан облысы мақта өсіреді. Онда ол екі зауытта өңделеді. Одан әрі Шымкентте екі фабрикада маталар шығарылатын болады. Ал, қарағандылық тігін кәсіпорындары ірі өнеркәсіптік компанияларды толығымен жұмыс формасымен қамтамасыз ететін болады. Алдымен, жұмыс киімдері тігіледі. Бүгінгі таңда Қарағанды облысының барлық өнеркәсіптік аспауыттары осындай ынтымақтастыққа мүдделі. Себебі, әзірге олар жүз пайыз импорттық матаны пайдаланып отыр. Бірақ, біздің зауыт бұл тауашаны жабуы мүмкін, – дейді AZALA Group тоқыма комбинатының құрылтайшысы Бауыржан Жамалов.

– Бұған дейін жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының Теміртаудағы Qamnet корпорациясымен жемісті кездесуі болған еді. Ал, бүгін Шымкенттегі Қазақстанның ең ірі жеңіл өнеркәсіп AZALA кәсіпорында «Қазақмыс» корпорациясымен кездесу өтті. «Қазақмыс» және Qamnet корпорациялары бастаған трендтен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі де, «Самұрық-Қазына» да, министрлік те шетте қалмауы үшін, бұл бастаманы ілгерілету қажет. AZALA тоқыма комбинаты үшін қуанышымын. AZALA – бұл біздің саланың негізі. Тоқыма комбинатында бәрі жақсы болса, тігін фабрикаларында бәрі ойдағыдай болады, – деп атап өтті Абай тігін фабрикасының басшысы Нұрхан Жұмабеков.

Өз тілшімізден



• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Отанға қызмет – азаматқа міндет

Биылғы көктемгі әскери қызмет қатарына шақыру науқаны басталды. Облыстық қорғаныс істері департаменті мамандарының айтуынша, биыл Отан алдындағы борышын өтеуге аймақтан 2000-ға жуық жас жасақталады. Оның 130-ы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне алынады. Ал, сәуір, мамыр айларында Ұлттық ұлан сапына шақыру шаралары жүзеге аспақ. Бұл жөнінде облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов пен әскерге шақырту және әскерден тыс жұмыс басқармасының басшысы Дмитрий Буксман өңірлік коммуникациялар орталығындағы брифингте мәлімдеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ата Заңымыздың 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының борышы және міндеті» деп көрсетілген. Осы қағиданы, қастерлі борышты жастардың бойына сіңіру үшін жергілікті атқарушы органдары, қоғамдық ардагерлер ұйымы, білім және ішкі істер ұйымдары бірлесіп, бірқатар шараларды атқаруда екен. Бұны облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Еркебұлан Мұстағұлов атап өтті.

– Облыстық жастар саясаты мәсе-



Сурет ашық дереккөзінен алынды

лелері жөніндегі және облыстық білім басқармасымен, қарулы күштер ардагерлерімен бірлесіп отырып, былтыр 150-ден аса шара өткізілді. Әлеуметтік желіде, баспа беттерінде әскери қызметтің беделін арттыру, сонымен қатар, жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру тақырыбына қатысты 500-ден аса ақпараттық сипаттағы жазбалар мен мақалалар жарияланды. Қарулы күштердің имиджін қалыптастыру мақсатында 40-қа жуық әскери һәм патриоттық билбордтар ілінді. Жергілікті телеарналарда әскери қызмет туралы арнайы сюжеттер жасалды. 2023 жылы аудан, қалаларда көктемгі, күзгі әскери қызметке салтанатты түрде шығарып салу мен қарсы алу бойынша 28 шара ұйымдастырылды, – деді Еркебұлан Мұстағұлов.

Жас буынды патриотизмге баулу – негізгі шаралардың тізімінде дейді сөйлеушілер. Бүгінде мектеп қабырғасындағы балаларға да Отан алдындағы қастерлі борыш хақында айтылып, насихат жүріп жатыр екен. Мәселен, былтыр 5-8 сынып аралығындағы 215 оқушы салтанатты түрде ант қабылдапты. Олар антына адал болуға, сабақты озат оқуға, жауапты, әрі тәртіпті сақтауға, мектептің даққын шығаруға ант еткен.

Бүгінде облыс аумағында 78 «Жас сарбаз» сыныбы, 83 әскери-патриоттық клуб, 37 «Smart Sarbaz» үйірмелері бар.

ордасына түсуге мүмкіндіктері бар. Бұл дегеніміз, Ұлттық бірінғай тәстілеуді тапсырмай-ақ ақылы түрде оқуға түсе алады деген сөз. Ал, жауынгерлік даярлығы жоғары деп бағаланғандарды грантпен оқыту қарастырылған. Әскери борышын өтеген барлық сарбаздар Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери институтқа тегін түсіп, офицер атанып, Қарулы күштер қатарына қызметке қабылданады, – деді Еркебұлан Мұстағұлов.

Әскерден жалтаратындардың да мәселесі айтылды. Департамент өкілдерінің сөзінше, 18 бен 27 жас аралығындағы азаматтарға әскерге шақыру қағазы жеткені, немесе жеткізілмегені туралы ақпаратты дер кезінде білетін тетіктер ойластырылған.

– 2021-2022 жылдары Отан алдындағы борышын өтеуден қашатындардың саны көп болды. Кейінгі жылдары жағдай оңалып келеді деуге негіз бар. Жастардың көбі осы әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылатындарын түсінбейді. Кейбірі ештеңе естімедік деп сылтау айтады. Осы күнде шақыртуды естімей қалу деген – мүмкін емес. Үйінде де, жұмыс орнына да хабарлама жіберіледі. Сонымен қатар, әскер қатарына шақыру маусымы басталды деген ақпараттар телеарна, газеттерге басылады, – деді Дмитрий Буксман.

Паллиативтік көмек кешеуілдеп тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында мұндай жоспар бар. Алайда, мәселе тағы да стандарттарға келіп тіреледі. Бала күтіміне арналған орынға, медициналық персоналға қойылатын нақты талаптар көрсетілген құжат жоқ. Бүгін біз былай салып, стандарт бойынша басқаша болуы керек болса, не істейміз? – дейді қауымдастық директоры.

Паллиативтік көмек мәселесі облыстық мәслихат депутаты Қадина Оспанованың да үнемі назарында.

– Стандарттардың болмауы мәселені шешуде қолбайлау, – дейді Қадина Оспанова. – Дәрігерлер бұл балаларға қандай көмек беру керек, не істеу керектігін білмейді. Қазақстан балаларына паллиативтік көмек көрсету қауымдастығының мамандары біздің 17 дәрігерді оқытты. Олар өз кезегінде басқа мамандарды оқытады. Тіпті, ол балалардың нақты саны да жоқ. Мұндай балалар арнаулы әлеуметтік көмек көрсету орталығында да жатыр. Алдыңғы жылы сол жердегі 9 балаға нутритивтік тамақтану бойынша көмек көрсеттік. Барлық емханаларда,

арнауы мекемелердегі балалардың санын есептегенде 360 болды. Бірақ, бұл одан да көп болуы мүмкін. Бұл балаларға көп көмек керек, арнайы матрастар, тамақтану, күнделікті памперстер. Көптеген отбасыларда мұндай балаларды аналары жалғыз бағып отырады.

Не істемек керек?

Әлия Қадырәлиеваның айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі Жол картасын ұзарту мәселесін қарастырып жатыр. Мәселеден хабарлар сала мамандары ең әуелі балаларға паллиативтік көмекті дамытудың іргелі шарты ретінде осындай көмек көрсетудің критерийлерін, жеке клиникалық хаттамаларды және басқа да құжаттарды әзірлеу керектігін, сондай-ақ, бұл көмекке мұқтаж балалардың тізімін құру қажет деп санайды.

– Балалар мен ересектердегі паллиативтік көмек көрсету тәсілдерінің психологиялық жас ерекшелігін, аурудың айырмашылығын ескере отырып, жеке педиатриялық стандарт ретінде «Балаларға паллиативтік көмек көрсету тәртібін» жеке дара көрсету қажет.

Инвестиция үлесі артады

Қарағанды облысында бизнестің іскерлік белсенділігі артып келеді. Осы орайда жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 100 мыңнан асты. Кезекті аппарат кенесінде инвестиция көлемі мен оның тиімділігі, абаттандыру мәселелері кеңінен сөз болды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттен қолдау құралдарының тағы бірі – индустрияландырудың бірінғай картасы аясында 40 инвестициялық жоба іске асуда. Қазіргі таңда 9 жобаға жеңілдікті кредиттер беру түрінде қолдау көрсетілді, 16 жоба жер учаскесін алды, 18 жобаға жер қойнауын пайдалануға лицензия берілген. Қосымша 6 жоба бойынша инфрақұрылымды жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Инвесторларды тарту үшін екі өнеркәсіптік алаң – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы және «Саған» индустриялық аймағы жұмыс істейді. Бұл – бизнесті жүргізуге дайын инфрақұрылымы және салықтық жеңілдіктері бар ірі өнеркәсіптік алаңдар. Мамандар құрылысқа барлық рұқсат беру құжаттарын ресімдеуге, визалық қолдауға, сондай-ақ, инвестициялық келісімшарт жасасуды дайындауға көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, инвесторларға ыңғайлы болу үшін өңірдің инвестициялық тартымдылығына гид құрылды. Инвесторлардың сұрақтарына жедел жауап беру үшін желделхат-бот және өндірілетін өніммен өңірлік тауар өндірушілер каталогын құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы шаралардың арқасында биыл бизнестің іскерлік белсенділігінің өсуі байқалады. Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 5,5%-ға артып, 100 мыңнан асқан.

Инвестиция тарту және аталған бағытты ынталандыру шараларына келсек, бұл орайда облыстық өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр сөз алды. Спикер ағымдағы инвестициялық тәжірибелерге талдау жасап, саладағы жалпы ахуалды жақсартудың әлеуетті жолдарын анықтап өтті. Өйткені, инвестициялардың тиімділігі аймақтың экономикалық дамуы мен өркендеуіне тікелей байланысты.

– Бүгінде бұл салада құрылысқа, визалық қолдауға, сондай-ақ, инвестициялық жобаның қорытындысын дайындауға барлық рұқсат беру құжаттарына жәрдемдесу және ресімдеу инвесторларға қызмет көрсету орталығында сәтмен іске асуда. Бұл орайда шағын және орта бизнесті қолдаудың бірінғай бағдарламасы, «Ауыл аманаты», «Кәсіпкер» сынды бағдарламалардың септігі мол. Осы жылғы жеке

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Қосымша 60 мың грант бөлінеді

Жаңа оқу жылында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі 60 мың орынға артады. Осылайша мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар саны 145 мыңға жетеді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгінгі таңда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін мемлекеттік тапсырыспен қамту 80%-ға жетті. Мемлекеттік білім беру тапсырысы техникалық мамандықтар бойынша геология, машина жасау, энергетика, IT, металлургия, көлік салаларында артады.



Сурет ашық дереккөзінен алынды

– 5,5 мың бизнес субъектілеріне 27 млрд. теңгелік қаржылық қолдау көрсету. Оның 2,5 мыңы – жаңа. Бұл субсидиялау, кепілдік беру, гранттық қаржыландыру және жеңілдетілген несиелеу жобалары. 10 инвестициялық жобаға 252,3 млрд. құйып, қосымша 3500 жұмыс орнын қамту жоспарланды, – деп хабарлады Дарын Бейбітұлы.

Атап өту керек, соны жобалар қатарында «Kyzylarai corper», «Феррум бетон продакте», «Қарағанды power silicon», «Қазақстандық ыстық мырыштау зауыты», «Темпо Қазақстан», Power blast, United energy Qazaqstan, «Қазметкокс» сынды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бар. Бұл кәсіпорындарда катодты мыс, жел энергетикалық мұнаралар, жүк автомобильдері, болат тік тігісті құбырлар, темірбетон бұйымдары, мырышталған металл бұйымдары және басқа да өнімдер өндірісі жолға қойылады. Спикер аймақтың инвестициялық тартымдылығына арналған нұсқаулық құрылғанын хабарлады. Сондай-ақ, инвесторлармен желдел қарым-қатынас жасау үшін телеграм-бот жасалады. Өңірлік тауар өндірушілердің каталогы толықтырылуда, оған 66 өнеркәсіптік кәсіпорын кірді.

– Инвестиция тарту – жергілікті атқарушы биліктің жұмысындағы басымдық. Барлық жобаларды пысықтау қажет. Күнделікті режимде әрбір жобаны сүйемелдеу керек, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы Қарағанды облы-

сы кәсіпкерлер үшін тиімді екенін атап, бизнесті жеңіл жүргізуге қолдау көрсетілетінін атады.

Сондай-ақ, жылында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев аймақ шаһарларын абаттандыру бойынша бағдарламалар мен жобалардың жай-күйіне тоқталды.

– Өңір қалаларын абаттандыру және көгалдандыру ондағы азаматтардың өмір сүру сапасының жақсаруына игі ықпал етері сөзсіз. Қарағанды облысында биыл 53 мың көшет отырғызылмақ. Қарағанды облысында жасыл желктерді күтіп ұстау мен қорғаудың жаңа қағидаларының жобасы әзірленді. Қалалар мен аудандарды абаттандыру ережелері де жаңартылады. Құжаттар өңірлік кәсіпкерлер палатасының келісімінен өтеді. Бұдан әрі ережені облыстық мәслихат депутаттары бекітетін болады, – деді Тілектес Темірбекұлы.

Оның айтуынша, өткен жылы облыс бойынша 33 мың жасыл желек отырғызылған. Биылғы жеке – 53 мың көшет.

– Туризмді дамыту үшін Балқашта қалалық жағажай жағалауын қайта жаңарту жалғасады. Жоба биыл аяқталуы тиіс. Қарағандыда 31 ауланы абаттандыру жоспарланған. Сондай-ақ, қысқы жинауға арналған мыңдаған жаңа контейнерлер орнату көзделіп отыр, – деді басқарма басшысы.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындар тарапынан қалалар мен кенттерді көгалдандыру мен абаттандыруға қатысты көптеген шағымдар келіп түсетінін атап өтті. Бұл мәселелерді үнемі бақылауда ұстап, жұмыстың сапасын бақылау қажеттігін ескертті.



Сурет ашық дереккөзінен алынды

Пациенттерді емдеу және асқынулардың алдын алуының заманауи әдістерін қамтамасыз ету үшін гастроэнтология, трахеостомия, құрысуға қаршы терапияға арналған диализ-памдық микролизмалар және басқа да заманауи медициналық бұйымдар қажет. Балаларға арналған есірткілік анальгетиктерді қолдану мен өндіруді кеңейту мәселесін қарастыру қажет. Сонымен қатар, дәрілік, техникалық және медициналық мақсаттағы

бұйымдардың тізімін кеңейту қажеттігі бар. Педиатрларды оқыту жүйесін әзірлеу де маңызды. Өңірлерде мультидисциплинарлық топтар желісін дамыту, халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықталған көмек көрсету орталықтарын құру, қашықтықтан паллиативтік көмек көрсетуді ұйымдастыру қажет, – деді ұсыныстарын білдірген Ирина Смирнова.

Биыл онкологиялық ауруларға қарсы

күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспардың қабылданғанын да айта кету керек. Бес жыл бойы жүзеге асырылатын жоспар аясындағы бес бағыттың бірі – паллиативтік көмек және оналту. Жақында аймақта онкологиялық науқастарға арналған химиотерапия бөлімшесінің ашылғаны мәлім. Онда химиотерапияға арналған орындармен қатар, 16 паллиативтік көмек көрсету орны бар. Мұны айтып отырған себебіміз, Қазақстанда ресми тіркелген паллиативті науқастардың 41%-ында – қатерлі ісік диагнозы. 14%-ында ми қан айналымының бұзылуы, 12%-ы тыныс алу жүйесі ауруларына шалдыққан, ал, 9%-ында психикалық бұзылыстар екен.

– Науқас химиотерапия алмаса, басқа терапия келмесе ол паллиативтік емге ауыстырылады. Бұл – науқастың өмір сапасын жақсарту мақсатында жасалынған шаралар. Психолог пен әлеуметтік қызметкерлердің де көмегі маңызды. Жазылмайтын науқастың соңғы сәтінде дейін барынша ауырмай, киналмай кеткені адам тұрғыдан сауапты амал, – дейді Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасының амбулаториялық-емханалық қызметінің меңгерушісі Анатолий Красножен.

Құттықтаймыз!

Қарағанды қаласының құрдасты һәм тұрақты тұрғыны, қадірлі ағамыз, профессор **Құснұ Әменұлы ЕЛЕУОВТІН** 12 наурызда 90 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Бар өмірін адам жанын арасалауға арнаған асқар тауымыз, әйгілі әулеттің қадірлісі. Женгеніңе секеуі 65 жылғы өмірін тату-тәтті өткізген өнегелі жандар.

Ісі Қазақ ұлтының шипагерлік дәстүрінде, келмеске кеткен кеңестік, тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде әлемге әйгіленді.

Мамандығыңызды Мақажановтың мәртебесін, дарындылық даңқын жалғастыратын бірден-бір ардагерсіз.

Гипократ антна адал болдыңыз. Көшпенділердің Өтебайдайындай өнегеніз мәңгілік деп бағалау шәкірттеріңізге аманат.

Өзіңіз дариядай тер төккен Қарағанды шаһарының Құрметті Азаматы атансаңыз жаңа және әділетті Қазақ елінің бағалағаны болар еді.

Жаратушы Алла Тағала сізге ғасырлық ғұмыр бұйыртысын!

Кенже қарындасыңыз: **Майра**, күйеу балаңыз – **Ақатай** және ұрпақтары.

№64



• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Құндылыққа негізделген білім

Білім беру саласындағы мұғалім ісі – қоғам үшін маңызды. Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияда «Құндылыққа негізделген білім берудің әдіс-тәсілдері» атты педагогикалық идеялар аукционы өтті.

Аукцион мақсаты – білім берудің озық әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы пәндік сабақтарға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіру, педагог қызметкерлердің кәсіби және шығармашылық қызметін дамыту. Құрмет, сыйластық және адамгершілік қарым-қатынасына құрылған іс шара бастан-аяқ құндылыққа толы болды. Әрбір ұстаз өзінің инновациялық идеяларымен бөлісті. Жаңа әрі жағымды таныстықтар болды. Көрермендер өздеріне ұнаған тың идеяларға толы әдіс-тәсілді аукцион бағасымен сатып алды. Қатысушылар өздерінің

әдістерін ортаға салып, бөлісті. Озық әдістерді тамашалады. Ұстаздар белсенділігі үшін қалалық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталды.

Біздің басты байлығымыз – бала. Білім саласында еңбек етіп жүрген әр тұлғаның басты мақсаты – шәкірт бойына сапалы білім мен тағалымы мол тәрбие беріп, «Мәңгілік елдің» тұтқасын ұстайтын сапалы капитал қалыптастыру.

Жангүл АБЕКБАЕВА, М.Жұмабаев атындағы гимназияның математика пәнінің мұғалімі

Еске алу

Келте ғұмыр, камшының сабындай ғана жалған дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеді?! Тіршіліктің тізгініне бағынып, білінбестен өтіп жатқан өмір ағынына ілесе жүріп зымыраған уақытқа да тосқауыл бола алмайды екенсің. Бұқар жырау ауданы, Қаракұдық ауылының тумасы, Арғын-Қареке-Олжагелді руынан шыққан ардақты бауырымыз **Жомарт Сабитұлы ҮСЕНОВТІН** келместің кемесіне мінгеніне де 30 жылдың жүзі болған екен.



Жазмыштың жазуына, тағдырға дауа жоқ. Көкірегіміз зерге толып, қабырғамыз қайысып, өзіңді бір көруге зар болған көңілсіз күндермен арпалыса арада қанша уақыттың да өтіп кеткенін байқамай қалдық. Жылдар жылжып өткенімен сенің жарқын бейнен жүректен өшкен емес. Әрбір айтқан сөзің жылдармен жаңғырып, санамызда мәңгі ұялап қалды. Ақсарқын, аузына ашса жүрегің көрінетін кеңділігіңмен, тік мінезділігіңмен есімізде қалдың. Адам бойындағы бар асыл қасиет бойыңа шақ күйілгендей еді. Туған-туыстың ғана емес, жора-жолдастарыңның ортасында да ойып тұрып орын алдың. Адамға деген ақ пейілің, досқа деген шексіз құрметің, бауырға деген ерекше ілтипаттың өзіңнің биіктіңді көрсетті. Ардақты бауырым, өзін туралы әдемі естеліктер алып тұлғаның алыстаған сайын аласармайтынын анық байқатты. Жігітке жарасатын жеті өнерді жастайыңнан жаныңа серік етіп, атқа мініп, аңға шықтың. Ешкімің ала жібін аттамайтын адалдығың, кең пейілің, ақылдылығың, бәрі-бәрі біздің есімізде ескірмейтін естеліктер болып қалды. Қанша жерден кеудемізге шер болса да қолдан келер қайран бар ма? Әркез асқақ рухына құран бағыштап, қол жаюмен келеміз.

Жан адамға жамандық тілемейтін, Дос-туысқа, бауырға қорған еді. Шықсам деген көз салып шың-құзына, Бағыт алды көктегі жұлдызына.

Алла енді амандық, сабыр берсін Туысына! Қойнына алды кара жер арда ұлын... Асыл бейнең, көңілде қалды-ау үнін. Топырағың торқа боп, тыныш ұйықта. Жадымыздан өшпейсің, жан бауырым!

Сағынышпен еске алушылар: **бауырлары**

т/б

• ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Әйел құқы тапталмауы тиіс

Қоғам үздіксіз даму процесіне түскелі бері ерлер мен әйелдер үшін норма саналатын құқықтар һәм міндеттер, дәлірек айтсақ, гендерлік рөлдер біраз түрленіп, өзгеше бағыт ала бастады. Осы тұрғыдан әлеуметтік зерттеулердің көбірек жүргізілуі, әйелдердің талап-тілегі мен құқығы тапталмас үшін сауатты, теңдікті, әділдікті қызғыштай қорғай алатын қоғам құра білгеніміз жөн.

тақырыптарда дөңгелек үстелдер мен семинарлар жиі өткізіліп, теңдік дәрежеде қоғамның барлық саласында еңбек етуіне, білімін жетілдіріп, қызметте өсуіне негіз болып отыр. Бұны жалпы қоғамның жетістігі деп білгеніміз жөн.

мағын сақтауда, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде әйелдің ерекше орнын білу – қазақта бұрыннан бар идеология. Тек осы құндылығымыздың құрып кетпеуіне жол бермеген жөн.

Сондықтан, гендерлік сая-

Бүгінде Қазақстан үкіметі әйелдердің саясатқа араласуына, олардың жай ғана саясатпен айналысып қана қоймай, шешім қабылдау деңгейінде араласқанына мүдделі болып отыр. Өйткені, бұл – уақыт талабы.

Бізге әйелдердің құқығын қорғайтын заң бар. Бірақ, сол заңды әйелдердің өздері пайдалана алмайтын кездер де болып жатады. Заңды дұрыс білмейді.

Біз зайырлы мемлекетпіз. Елімізде ерлер мен әйелдердің құқықтары тең. Әйтсе де, бүгінде әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселеге айналуда. Ендеше, отбасының берекесі неге кетті? Жауапкершілік жүгін көтере алмаған ер азамат кінәлі ме, әлде әйел ағартық жіберді ме? Қандай жағдай болса да, тұрмыстық түйткілдерді ерлі-зайыпты өз жауапкершіліктеріне алғаны абзал.

Қазақ халқы барша тірліктің бастауы, көркемдік пен жылулық көзі, шуақ пен мейірім әлемі, өмірдің сәні деп, әйелді қасиет тұтып, оған көңілінің төрінен орын беріп, ардақтап, аялаған. Қазір қай салада да ең озық істің алдында жүрген жолы жіңішке қауымды көтөп кездестіруге болады. Сот істерін қарау барысында гендерлік теңдік туралы талап қатаң сақталады. Ерлер мен әйелдерге қатысты заң талаптарының нақты орындалуы, процеске қатысушылардың адамгершілігін кемсітетін



Сурет ашық дереккөзімен алынды

немесе ар-намысын таптайтын шешімдер мен іс-әрекеттерге жол бермеу, заң мен сот алдында барлығының теңдігі, тараптардың дауласуы мен теңдігі, істі талқылаудағы ашықтық, жариялылық және анықтық, процеске қатысушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты негізгі ұстанымдар қатаң сақталынады. Қазіргі таңда барлық мемлекеттік мекемелерде осы гендерлік саясатқа қатысты әйелдің өзіне тең дәрежеде, зор құрметпен қараған абзал. Алыс-жақын ағайынды, көрші-қоланды тату ету арқылы қоғамның ынты-

Жалпы, әйелдердің құқық қорғау мәселесі тарих барысында қоғамдағы әйелдерге деген көзқарас, күш көрсету, құқығын таптау, ер адамға бағыныштылықта ұстау сияқты мәселелерге жауап ретінде көтерілгені мәлім. Біртіндеп әйелдердің проблемасы заң жолымен шешу тәжірибесі қалыптасты.

Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетіп, айналасын үйлестіріп, жарастырып отырған әйелдің өзіне тең дәрежеде, зор құрметпен қараған абзал. Алыс-жақын ағайынды, көрші-қоланды тату ету арқылы қоғамның ынты-

сат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында да ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Осыны ұғынып, әрқайсымыз Отан, отбасы алдындағы өз міндеттерімізді дұрыс атқарсақ, онда бұл тұрғыда ешқандай мәселе болмасы анық.

А.АБДЫКАМАЛОВ, Қарағанды қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

• ҚҰҚЫҚ

Интернеттегі алаяқтық азаяр емес

Елімізде жасалатын киберқылмыстардың 99%-ы – интернет-алаықтық. Киберқылмыс жайлы деректерді «Киберқылмысқа қарсы күресудің өзекті мәселелері» жайлы Мәжіліс отырысында Ішкі істер министрінің орынбасары Айдос Рысбаев ұсынды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Елімізде жасалатын киберқылмыстардың 99%-ы – интернет-алаықтық. Бүгінгі таңда барлық ел, әсіресе, ақпараттық технологиялар саласында дамыған елдер де қылмыстың осы түрін зардап шегуде. Соңғы 7 жылда олардың елдегі саны 10 еседен асты. Мұндай қылмыстар бытыр тіркелген қылмыстардың жалпы санының 19 пайызын, алаяқтық қылмыстарының 50 пайызын құрайды. Оның үстіне бытырдың өзінде азаматтарға келтірілген шығын 21 миллиард теңге, – деді ІІМ басшысының орынбасары.

Оның сөзінше, биыл 3 645 интернет-алаықтық тіркелді. Бұл жалпы қылмыс санының 18 пайызын және барлық алаяқтықтың 43 пайызын құрайды.

Айдос Рысбаевтың айтуынша, қабылданған шаралар нәтижесінде 4 мың интернет-алаықтық жасаған 2 мыңға жуық адам ұсталып, жауапкершілікке тартылды. Жәбірленушілерге 850 миллион теңге көлемінде шығын өтелді.

Көбінесе мұндай қылмыстар шетелден немесе шетелдік интернет-ресурстарды пайдалану арқылы жасалады. Хакерлер өздерінің анонимділігін қамтамасыз ету үшін құрбан ретінде шет елдердің азаматтарын таңдайды.

• ОЛИМПИАДА

Білім бәйгесі мәреге жетті

Жақында №93 мектеп-гимназиясында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен орыс мектептеріндегі өзге ұлт өкілдерінің 9-11 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі өтті.

Шараға қаланың білім беру ұйымдарынан 78 оқушы қатысты. Олимпиада мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілді.

Тартысты өткен білім сайысында жүзден жүрік, мыңнан тұлпарлар анықталды. І орынды №87 негізгі орта мектебі, ІІ орынды №86 орта мектебінің білім алушылары иеленді. Ал, ІІІ орынды № 73 мектеп, № 85 орта мектебі, Н.Әбдіров атындағы орта мектебі, №48 мектеп және №1 гимназияның оқушылары жеңіп алды.

ІІІ орын биігінен әл-Фараби атындағы гимназия, №86 орта мектеп, Н.Әбдіров атындағы мектеп, №2 гимназия, Қ.Нұржанов

атындағы гимназия, Г.Мұстафин атындағы орта мектеп, №32 орта мектебі мен Қ.Сәтбаев атындағы гимназия оқушылары көрінді. Қалалық кезеңнен І, ІІ орын алған оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды.

Тартысты өткен облыстық кезеңге қаламыздың №1 гимназиясы және №85,86,87,73,101,48 орта мектептері мен ІІ.Алтынсарин атындағы гимназия және Н.Әбдіров атындағы орта мектептің оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын айта кеткен жөн.

Айгүл ЕРКІНҚЫЗЫ, қалалық білім бөлімінің әдіскері, Күмісай БҮРКІТБАЕВА, №33 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Мейірім мектебіне шақырады

Қарағандыда мейірім мектебіне кезекті қабылдау ашық. Мектепте хайуанаттар бағының қолдауымен балаларға арналған сабақтар тегін өткізіледі.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»



12 рет өтетін сабақ барысында балаларға барлық тіршілік әлеміне және жалпы планетаға жауапкершілікпен қарау және үнемді болу айтылады. Өмірін жануарлармен және экологиямен байланыстырғысы келетін қаланың кішкентай тұрғындарын көптеген экскурсиялар мен танысу сабақтары күтіп тұр. Мейірімділік сабақтары сенбіде хайуанаттар бағының ғимаратында өтеді. Кіші топтар (6-8 жас) үшін сабақ сағат 11:00-де басталады. Ал, аға топтар (9-11 жас) үшін 13:00-де сабақтар жалғасады. Алғашқы кездесу 9 наурызда сағат 11:00-ге жоспарланған.

Мейірімділік сабақтарының өту барысы жайлы kotokafe_karaganda паракшасынан білуге болады.

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru



• БІР ТУЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ

Батырдың асқақ тұлғасы

Биыл мерейтой көп. Қарағанды қаласының 90 жылдығы мен Қарағанды Суретшілер одағының 60 жылдығы тұспа-тұса келіп отыр. Сонымен қатар, осы одақтың іргетасын қалаушылардың бірі де бірегейі, танымал суретші Наталья Ивановна «Қарағандылық Кастев» деп атап кеткен дарынды суретші Райымқұл Есіркеевтің туғанына 103 жыл толыпты. Қылқалам шеберінің облыстық бейнелеу өнері музейінде сақталған Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің портретін ұсынамыз.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Райымқұл Есіркеев – суретші-кескіндемеші, Ұлы Отан соғысының ардагері. Негізінен пейзаж және портрет жанрларында еңбек еткен. 1921 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1980 жылы өмірден өтті. Ол Қарағанды қаласы бойынша кәсіпқой суретші атағына ие болған қазақ ұлтынан шыққан алғашқы суретші. Шығармаларының басты тақырыбы – адам. Яғни, кескіндеме арқылы адам баласының болмысын, табиғатын жеткізе білген қылқалам шебері.

– Суретшінің полотнолары, портреттері және пейзаждары, өндірістік картиналары, оның әр жұмысы өте шебер салынған. Туған жеріне, еліне, сүйікті адамдарына арналған таудай махаббатын шығармашылығына дарыта білген. Биыл туғанына 103 жыл толған даңқты батырымыз Нұркен Әбдіровтің портретін салған. Сонымен қатар, халық ақыны Шашубай Қошқарбаевтың, Кеңес Одағының Батыры Мартбек Мамыраевтың, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың тұлғасын кескіндеме қалдырған, – деді облыстық бейнелеу өнері музейі директорының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Нұркен Әбдіровтің бұл портреті құрғақ инемен бөзге салынған.

Сурет облыстық бейнелеу өнері мұражайынан

• БАЙҚАУ

Ақын үні жаңғырды

Кеншілер мәдениет сарайында ақын Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай студенттер арасында қалалық «Өлең, мен сені аялап өтем...» атты мәнерлеп оқу байқауы өтті. Байқауда 26 үміткер бақ сынады. Жас өрендер ақын үнін қайта жаңғыртты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқаудың бас жүлдесін Қарағанды медициналық университетінің студенті Мөддір Лияс жеңіп алды. А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитар-

лық-техникалық колледжінің оқушысы Алтынай Марат бірінші орыннан көрінді. Екінші орында Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Ернат Аманжол. Үшінші орынды Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Бекарыс Жақаба және Қарағанды жоғары гумани-

тарлық колледжінің студенті Жансая Жанатова қанжығалады.

Байқауға қатысушылардың бірі – Виктория Естремская. Орыс болса да, Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін мәнерлеп оқып, қалың жанкүйердің ыстық ықыласына бөленді.

– Мен Нұра ауданы Ізенді ауылының тумасымын. Сол жерде қазақ мектебінде оқыдым. Қазір университетте қазақ бөлімшесінде оқып жүрмін. Ұлы Абай Құнанбаевтың 26 өлеңі мен екі поэма-сын жатқа білемін. Мұқағали Мақатаев пен Мағжан Жұмабаевтың да жырларын жатқа оқимын. Поэзияны жақсы көремін. Өлең оқығанда жаным тынышталады және күш береді. Мұндай байқаулар өте қажет: олар есте сақтауды дамытады, сөздік қорды байытады және қазақ поэзиясын насихаттайды. Бұл байқауға мен Фариза Оңғарсынованың «Әке туралы ой», «Өз-өзімнен өртеніп барамын» және «Мен сонда жылап қалғам» деген өлеңдерін дайындадым. Ақынның шығармашылығымен бұрыннан таныспын. Өлеңдері маған ұнайды, – деді Виктория Естремская.

Сурет Кеншілер мәдениет сарайының баспасөз қызметінен

• ФУТБОЛ

«Шахтер» ойсырай жеңілді

Қазақстан Премьер-лигасының жаңа маусымы «Шахтер» үшін сәтсіз басталды. Қарағандылықтар Шымкент қаласында «Ордабасы» командасымен ойнап, 5:0 есебімен ойсырай ұтылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойын Шымкенттегі Қажымұқан атындағы стадионда өтті. «Ордабасы» сапындағы Игорь Пластун (5-минут), Шахбоз Умаров (13-минут), Жасур Яхшибоев (37-минут), Златан Шехович (60-минут) және Сергей Малый (68) гол соқты.

Осы ірі есеппен жеткен жеңісінен кейін «Ордабасы» турнир кестесінің көшін бастады. Алматылық «Қайрат» пен



«Ақтөбе» де 3 ұпайды еншілеп, үздіктер қатарына лап берді.

Келесі турда «Шахтер» клубы астаналық «Жеңіспен» ұпайға таласпақ.

• ДЗЮДО

Татамиде кіл мықты

Қарағандыдағы Қ.Байшолақов атындағы спорт кешенінде дзюдодан 2004-2006 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында ел чемпионатының жалауы желбіреді. Аталмыш турнирге елдің түпкір-түпкірінен 500-ден астам палуан қатысты. Шараның ашылу салтанатына Дзюдо федерациясының президенті Қуанышбек Есекеев пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев арнайы қатысып, спортшыларға жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара барысында әлем чемпионатының күміс жүлдегері Азамат Мұқанов дзюдоның дамуына қосқан зор үлесі үшін «Дзюдо Тарланы» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстанның Құрметті жаттықтырушылары Сергей Раков пен Владимир Кичатовқа Дзюдо федерациясының «Құрмет грамотасы» табысталды.

– Жарыстың алғашқы күнінде-ақ жігіттер жарқыраған жекпе-жек көрсетті. Аймақтарда шеберлік деңгейінің артып келе жатқаны, әлеуеті зор палуандар шығып жатқаны байқалады. Дзюдодан Қазақстан Республикасы құрамасының жаттықтырушылары Ермек Иманбеков пен Ибрагим Вешагуров татамидегі жекпе-жекте жіті бақылауда. Қарағандылық палуан Алдияр Қарғұлов тамаша өнер көрсетті. Жалпы, Қарағанды қаласында қамқоршылық кеңесінің директоры Алмаз Әлсеновтің жетекшілігімен «Жеңіс» кәсіпқой клубы-

ның ашылуына байланысты облысымызда дзюдо жаңа тыныс алуға. Қарағанды облысының Дзюдо федерациясының президенті Тимур Тұрсымбаев, «Жеңіс» клубының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Талғат Байшолақов ауқымды жұмыстар атқаруда. Қарағандылық дзюдошылардың жеңіс тұғырына шығатынына сенімдімін. Біз Максим Раков, Ержан Шынкеев, Жансай Смағұлов, Ислам Бозбаев сынды палуандарымызды мақтан тұтамыз, – деді Сергей Раков.

Жарыстың алғашқы күнінде-ақ қарағандылық дзюдошылар жеңіс тұғырынан көрінді. Қыздар арасында 52 келіде белдескен Аяулым Қайрат қарсылас шақ келтірмей, алтын алды. Ал, 60 келі салмақ дәрежесінде белдескен тағы бір жерлесіміз Алдияр Қарғұлов шымкенттік қарсыласының жауырынын жерге тигізіп, 1 орын иеленді.

Жарыс 6 наурызға дейін жалғасады.

• СУ СПОРТЫ

Медаль жауған күн

Филиппиннің Нью-Кларк-Сити қаласында су спортынан XI Азия чемпионаты өтті. Онда 45 елдің өкілдері медальдар жиынтығын сарпаққа салды. Қарағандылық Диана Жұмағұлова мен Ксения Игнатова түрлі сайыстарда бірнеше медальға ие болды.

Нақтырақ айтсақ, Диана Жұмағұлова барлық деңгейдегі наградаларды жеңіп алды. Ол алтын, екі күміс және қола жүлде еншіледі.

Жалпы, қазақстандық жүзушілер жоғары деңгейде өнер көрсетіп жатыр. Оның ішінде, бес медаль жеңіп алған қарағандылық Ксения Игнатова да бар.

Ксения төрт алтын, бір күміс медаль жеңіп алып, екі рекорд жаңартты.

Ол 18 жастан асқан спортшылар бақ сынаптың «А» тобында бірнеше рет жеңіске жетті. Қазақстандық жүзуші 50, 100 және 200 метрге арқамен жүзде және 4x100 аралас эстафетата мәреге бірінші жетті. Сонымен қатар 4x100 еркін стильдегі эстафетата күміс алды.

Ксения Игнатова алдымен 4x100 командалық эстафетата Ұлттық құрамадағы әріптестерімен бірге Қазақстан Республикасы мен Азия рекордын орнатса, кейін жекелей 100 метр қашықтықта күрлық пен Қазақстанның ең жоғары жетістігін жаңартты.

Сондай-ақ, Дианың Анабелла Кочкинамен бірге синхронды секірулерде алтын мен күміс медаль жеңіп алғанын айта кеткен жөн.



• АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Үздіктер анықталды

Қарағанды қаласында аралас жекпе-жекпен Қазақстан чемпионаты аяқталды. Онда 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдер, 18-20 жас аралығындағы жастар және 21 жастан асқан ересектер белдесті. Біріншілікке еліміздің барлық аймағынан 600-ге жуық спортшы қатысты.



93 келіге дейінгі салмақта алтынды Темірғұдан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, пауэрлифтингтен Қазақстан Ұлттық құрамасының мүшесі Максим Самцов жеңіп алды.

Осы салмақта үшінші орынды жетісулық Жарас Мамраимов пен қарағандылық Шыңғыс Ізмұханов бөлісті.

Қарағандылық спортшыларда барлығы бір алтын, үш күміс және төрт қола медаль бар. Күмісті Нұрғұлтан Дүйсемби, Мария Чеботарева және Тимур Черемных жеңіп алды. Шыңғыс Ізмұхановтан бөлек, Назерке Елеубекова, Никита Лямин және Айбек Әкім де қола жүлде еншіледі.

Біріншіліктің қорытындысы бойынша жеңімпаздар Ұлттық құраманың құрамына кіріп, Азия және Әлем чемпионаттарына жолдама алды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

• МАРАФОН

Дәстүрлі шара жалғасын тапты

Демалыс күні Қарқаралының таулы орманында дәстүрлі шаңғы марафоны өтті. Биыл үшінші мәрте өткізілген шаңғышылар аламанына Семей, Қарағанды, Теміртау қалаларынан және жергілікті халықтан барлығы елуден аса спортшы қатысты.

Жарысқа ересектермен қатар жас жеткіншектер де қатысып, бағын сынады.

Ересек азаматтар шаңғымен отыз шақырым, әйелдер он бес шақырым қашықтықты жүгіріп өтті. Ал, 14-17 жастағы жеткіншектерден ұлдар он шақырым, қыздар бес шақырым аралықты бағындырды. Марафон қорытындысында әр са-

наттағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, медальдармен, ақшалай сыйлықтармен, спорт дүкенінің сертификаттарымен марапатталды.

Болатбек ӘШМҰЛЫ
Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген
Тибек ХАМИТОВ



ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-08
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 күшіне енгізілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 27 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ